

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ
Басқармасының шешімімен

(2000 жылдың 07 шілдесіндегі
№ 11 хаттама)

Б е к і т і л д і

Банкаралық депозиттер нарығы индикаторын қалыптастыру туралы **М Е М О Р А Н Д У М**

Алматы қ.

2000

ЖАЛПЫ ШАРТТАР

Осы меморандумға қатысушылар қазақстандық банкаралық депозиттер нарығының жалпыға ортақ индикаторын жасау шешімін қабылдады.

Бұл мақсаттарда меморандум қатысушылары осы меморандум қатысушыларынан ағымдағы депозиттік мөлшерлемелерді жинау үдерісін ұйымдастыру, орташа депозиттік мөлшерлемелерді есептеу, депозиттердің стандартты мерзімдерін орнату бойынша жұмыстарды Биржаға жүктеді, осы жұмыстар бойынша орташа көрсеткіштер және индикатор жайлы ақпараттың жариялануы есептелінеді.

МЕМОРАНДУМҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Осы меморандумға қатысушылар, Биржалық кеңес белгілеген, депозиттердің барлық мерзімдері бойынша тарту және орналастыру мөлшерлемесін биржаның сауда жүйесінде күн сайын белгілеуге өз еркімен міндеттеледі.

Банкаралық депозиттер нарығы индикаторын қалыптастыру әдістемесіне (бұдан әрі "Әдістеме") сәйкес меморандумның әрбір қатысушысы биржаның сауда жүйесінде қажетті баға белгілеулерін белгілеуге міндетті.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОСЫЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСУДАН БАС ТARTУ ТӘРТІБІ

Осы меморандумға қатысуға үміткерлерді Биржалық кеңес анықтайды.

Меморандумға қосылу тиісті өтінішпен рәсімделеді.

Меморандумның әрбір қатысушысы тиісті өтінішті 5 жұмыс күнінен кешіктірмей беру шартымен кез келген уақытта меморандумға қатысудан бас тартуға құқылы.

Әдістемеге өзгертулерді енгізу жағдайында меморандум қатысушысы Әдістемеге өзгертулер енгізілген күннен бастап 5 жұмыс күні аралығында тиісті өтінішті беру шартымен меморандумға қатысудан бас тартуға құқылы.

Биржалық кеңес, меморандумға қатысушылары:

- меморандум қатысушысы бейрепрезентанттық баға белгілеулерді белгілегенде;
- меморандум қатысушысы осы меморандумда белгіленген өзінің міндеттемелерін адал орындамағанда;
- меморандум қатысушысының жауапсыз тәртібіне қатысты банкаралық депозиттер нарығының басқа қатысушылары тарапынан шағымдары түскенде,

оларды мәжбүрлі түрде шығаруды жүзеге асырады.

ӨЗГЕ ШАРТТАР

Осы меморандум бірінші қатысушысының қолы қойылған күннен бастап күшіне енеді және меморандумға ең болмағанда бір қатысушы қатысқанша немесе Биржалық кеңес оның күшін жойғанға дейін қолданыста болады.